

2021-2022 оқу жылына арналған жұмыс жоспары жасалып директордың мөрімен бекітілді. Жаңа оқу жылында 22 сынып комплектісі ашылды. Н.Утепбаева өндірістік жоспарға сәйкес жұмыс жүйесін жалғастырды.

Қыркүйек

Диагностикалық бағыт


Диагностикалық бағыт оқытудың бүкіл кезеңі ішінде білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жеке және топтық қызметін, психологиялық-педагогикалық зерделеуін, олардың жеке ерекшеліктері мен бейімділіктерін, оқыту және тәрбиелеу процесінде, өзін-өзі кәсіптік тұрғыдан айқындауды, сондай-ақ оқытудағы, дамытудағы, әлеуметтік бейімделудегі бұзушылықтардың себептері мен тетіктерін анықтауды көздейді.

1-сынып оқушыларының мектепке дайындығын анықтау мақсатында «Керн Йерасек» тесті алынды.


1-ші тапсырма «Ер адамның суретін салу» бойынша нәтижесі: 1 «А» және 1 «Ә» сыныбын қосқанда нәтижесі мынадай: 58,5% жоғары, 34,1% орта, 7,4% төмен.

2-3-ші тапсырма: 1 «А» сыныбы және 1 «Ә» сыныптарын қосқанда 43,9% жоғары, 43,9% орта, 12,2% төмен

1-ші тапсырма



2-3-ші тапсырма



5-11 сыныптары оқушыларынан мұғалімдерге деген көзқарасын анықтау мақсатында анонимді сауалнама алынды. Сауалнама барысында оқушылардың пән мұғалімдеріне деген көзқарастары анықталды.

Қажеттілікке қарай үлгерімі төмен оқушылармен проективті методикалар, танымдық процестеріне байланысты суретті тесттер жеке жеке оқушыларға жүргізілді. «Танымдық процестерді зерттеу» әдістері бойынша сұраныспен келген оқушылардан ойлау қабілетіне байланысты «Артығын тап» әдістемесі, зейін ерекшеліктеріне байланысты «Мюнстенберг», есте сақтау қабілеттеріне байланысты методикалар жүргізілді. Оқушылардың өсу кему мониторингтары жасалып, бақылау жүргізілді.

Сұрақтар	Жауаптар				
	Өте жоғары	Жоғары	Орташа	Төмен	Өте төмен
Психологиялық және әлеуметтік дайындық			+		
Өзін-өзі ұстауы			+		
Психологиялық дайындық			+		
Түстерді ажырату			+		
Суреттерді әңгімелеу			+		
Саусақ бұлшық етінің жетілуі				+	
Фонематикалық естуі			+		
Кеңістікті бағдарлауы			+		
Жұмысшы қолы	оң				
Дүниетанымы			+		
Тілінің дамуы		+			
Қысқа мерзімде есте сақтауы			+		
Логикалық ойлауы			+		

«Тәуекел тобына» енген оқушылар анықталды. «Бес терек» жобасы бойынша 5 – 6 сынып оқушыларынан «Аяқталмаған сөйлем» әдістемесі алынды.

4 «А», 4«Ә» сынып оқушыларынан Н.Г Лусканова мектеп мотивациясының деңгейінің скрингтік базасына арналған арналған арнайы сауалнама алынды.

Бастауыш сынып оқушыларының оқуға бейімділігін анықтау сауалнамасының қорытындысы бойынша «Сәлеметсің бе мектеп»? тақырыбы бойынша бейімделу ойын – жаттығулары жүргізілді.

Жоғары және орта буын оқушыларының оқытуға бейімділігін анықтау сауалнамасының қорытындысы бойынша кеңес беру жұмыстары қоса атқарылып, төмен көрсеткіш көрсеткен 1 оқушымен жаттығу-ойын жүргізіліп, оқушының мектепке деген мотивациясын қалыптастыру жұмыстары жүргізілді.

Қорытындылау жұмыстары барысында әрбір жүргізілген жұмыстарға талдау жасалып, анықтама хаттама түзілді

Бастауыш сынып оқушыларының оқуға бейімделуіне қатысты жүргізілген сауалнама нәтижесі бойынша түзету дамыту жұмыстары жүргізілді. Мектепке бейімделуі төмен екендігі анықталған оқушылармен жеке жұмыстар жүргізілді. 1 сыныптың ата –аналарына, мұғалімдеріне кеңестер берілді.

Оқушылардың жеке диагностикалық карталары жасалынды. Бестерек жобасы бойынша кабинеттік талдау жасалынып, оның негізінде тәуекел тобының «Қызыл, жасыл, сары» деңгейлері анықталды.

Қазан

I. Диагностикалық бағыт

Қазан айында 1-4 сынып оқушылары арасында психологиялық ахуалды анықтау жүргізілді. «Менің арманым» 1 – 4 сынып оқушыларынан эссе алынды. Оқушылардың болашақ мамандығы, болашақта кім болғың келеді, қандай маман иесі болғың келеді тақырыптарында туралы ақпарат берілді.

5-8 сыныптары оқушылар арасында аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу бойынша жұмыстар «Менің отбасым» проективті методикасы алынып, отбасылық суретке талдау жасалды, оқушылардан менің отбасым тақырыбы бойынша эссе алынды.

9-11 сыныптары оқушылар арасында аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу «Менің ең жақын досым» тақырыбында эссе алынды. Нәтижесі бойынша талдау жүргізілді. Достықтың маңыздылығы туралы ой толғау жүргізілді.

II. Консультациялық бағыт

1– 4 сынып оқушылары арасында аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу «Өз-өзіңе мақтау сөз» түзету-дамыту жұмыстары жүргізіліп, сергіту жаттығулары өткізілді.

5-11 сынып оқушылары арасында аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу бойынша «Отбасы» және «Достық» туралы видео роликтер көрсетілді.

Құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша «Әлімжеттік не екенін білесің бе?» тақырыбында бейне ролик көрсетіліп талқылау жасалынды. 2 – 4 сынып оқушыларының танымдық қабілеттерін дамыту мақсатында логикалық тапсырмалар мен графикалық тесттер алынды.

Ерте жүктіліктің алдын алу бойынша «Ерте жүктіліктің жасырын жақтарын білесің бе?» тақырыбында бейне ролик көрсетіліп, қыздармен талдау жасалды. Жалпы ерте жүктіліктің адам ағзасына зиян тараптары түсіндірілді. Әрбір жүргізілген жұмыстарға талдау жасалып, анықтама, хаттама түзілді.

Қараша

I. Диагностикалық бағыт

Қараша айында «Бес терек» жобасы бойынша «Отбасы суреті» проективті методикасы 1 - 4 сынып оқушылары аралығында отбасындағы психологиялық ахуалдың қалыптасуы баланың өзін отбасындағы

калыптастыруын анықтау мақсатында алынып, талдау жасалынды. Әрбір талдау бойынша сынып жетекшілер мен ата – аналарға кеңестер берілді.



5-11 сынып оқушылары арасында «Бес терек» жобасы «Үй. Адам. Ағаш» проективті әдістемесі алынып, балалардың өзін өзі бағалауын, мінез – құлқын, қарым – қатынастарына талдау жасалды.

5 сынып оқушыларынан стрессті анықтау тесті алынып нәтижесі талданып сынып жетекшілерге таныстырылды. Қажеттігі туындаған жағдайда ата – аналарына ескерту жасалды.

II. Консультациялық бағыт

Жоғары және орта буын оқушылар арасында аутодеструктивті мінез-құлықтың болдырмау мақсатында «Өз көңіл-күйінді қалай басқаруға болады?» бейне ролик көрсетіліп, оқушылармен талдау жүргізілді.

III. Дамытушылық түзету бағыты (профилактика)

Зиянды әдеттерге әуес болудың алдын алу, болдырмау бойынша «Зиянды әдет-қоғамдық дерт» тақырыбында 8 – 11 сынып оқушылары аралығында бейне ролик көрсетіліп, талдау жүргізіліп, оқушылар дұрыс ақпаратпен азықтанды.

IV. Психологиялық-педагогикалық азартушылық бағыт

Аутодеструктивті мінез- құлықтың алдын алу бағыты бойынша оқушыларға төмендегідей жұмыстар бойынша бақылау жасалып, жаман мінезден аулақ болу туралы ақпараттар берілді. 1. Жасөспірімдерді көбірек өздерінің жеке басы қызықтырады. «Мен кімін?», «Мен басқалардан немен ерекшеленемін?» сұрақтары олар үшін номері бірінші мәселеле болып табылады.

2. Жасөспірімдер басқа адамдармен қарым-қатынасты анықтауға және құруға көп көңіл бөледі. Оларды қызықтыратын ең бастысы достық.

3. Жасөспірімдер – өмірдің мәнін іздеушілер. Олар адам өмірінің басты сұрағына алаңдай бастайды: «Мен неге өмір сүремін? «Менің мақсатым неде?»».

4. Жасөспірімдер өздерінің жыныстық жетілуіне соншалықты бейім, сондықтан ерлер мен әйелдер арасындағы қарым-қатынас мәселелері олардың өмірінде ең көп уақытын алады.

5. Жасөспірімдер үнемі ересектермен қақтығысады.

6. Жасөспірімдер ересектер тарапынан оларға деген құрметтің жоқтығын сезінеді. Олар ересектермен тең қарым-қатынасты қалайды.

7. Жасөспірімдер үнемі басқа адамдар оларды қалай бағалайтыны туралы ойлайды.

8. Жасөспірімдер жауапсыз тіршілік иелері. Олар барлық құқықтарға ие

болғысы келеді (ересектер сияқты) және ешқандай жауапкершіліксіз болғысы келеді (балалар сияқты).

9. Жасөспірімдер өз компаниясының талғамын, көзқарастарын, мінез-құлқын қабылдайды; «басқаларға ұқсамаудан» ұялады.

10. Жасөспірімдер өздерінің өмірлік стилін іздейді, ерекшелігін, өзгешілігін, басқаларға ұқсамайтынын білдіргісі келеді.

11. Жасөспірімдер өздерін өзгертуге, өзін-өзі тәрбиелеуге қабілетті. Олар өз өмірлерінің иелері, жаратушысы, авторлары бола алады.

Аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу бойынша ата-аналар мен мектеп ұжымымен жұмыс жүргізіліп, қазіргі таңдағы жасөспірімдердің мінез құлқына сипаттама берілді.

«Ұлт боламын десең, ұл-қызыңды тәрбиеле» тақырыбында ата – аналарға бейне ролик көрсетіліп, қосымша ақпараттар берілді.

Ж Е Л Т О Қ С А Н

I. Диагностикалық бағыт

3 – 4 сынып оқушыларынан «Бес терек» жобасы бойынша «Аяқталмаған сөйлем» проективті әдістемесі алынды.

II. Консультациялық бағыт

Бастауыш буын оқушылар арасындағы аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу бойынша «Өмір бумеранг», жоғары және орта буын оқушыларына «Жақсылық жақсылықпен қайтады» тақырыптары бойынша бейне ролик көрсетіліп, талқылау жүргізілді. Зорлық зомбылықтың алдын алу бойынша ата-аналармен «Балаңызбен дос сырлас бола білесіз бе?» тақырыбы бойынша жиналыс өткізіліп, жеке сұхбат жүргізілді. Бала тәрбиесі маңызды әрі басты екендігі түсіндірілді.

IV. Психологиялық-педагогикалық азартушылық бағыт

Жоғары және орта буын оқушылар арасындағы зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша жұмыстар Зорлық – зомбылық алдын алу бойынша түсіндірме жұмыстар, кеңес берілді. «Сабақта кездесетін қиындықтарды жеңу жолдары» жас мамандармен лекция ұйымдастырылды.

Қ А Ң Т А Р

I. Диагностикалық бағыт

Зорлық -зомбылықтың алдын алу бойынша «Сен зорлық – зомбылық туралы білесің бе?» тақырыбында 5 – 11 сынып оқушыларынан анонимді сауалнама жүргізіліп, оқушылардың хабардарлығы туралы ақпарат алынды.

Жоғары сынып оқушыларының кәсіби бағдар бойынша мамандық таңдауға бейімділігін анықтау мақсатында Д.Голландтың «Мамандыққа икемділікті анықтау» тесті алынды.

Жоспардан тыс 5 – 11 сынып оқушыларынан «Такер» интернетке тәуелділікті анықтауға арналған тесті алынды.

II. Консультациялық бағыт

Зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша ата-аналармен жұмыс жүргізіліп, «Балаңызбен дос, сырлас бола білесіз бе» тақырыбы бойынша ақпарат алмасып, талдау жүргізілді.

III. Дамытушылық түзету бағыты (профилактика)

«Сенім телефонына» түскен хаттар бойынша өтініштермен жұмыс жүргізіліп, оқушыларға түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

IV. Психологиялық-педагогикалық азартушылық бағыт

Зорлық-зомбылықтың алдын алу туралы ата – аналарға түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

А Қ П А Н

I. Диагностикалық бағыт

8 – 11 сынып оқушылары аралығында «Діни экстримизмнің алдын алу» бойынша анонимдік сауалнамасы алынды. 95 пайыз оқушының діни экстремизм туралы хабарлары бар екендігі анықталды.

II. Консультациялық бағыт

Бастауыш сынып оқушыларымен сабаққа зейінді арттыруға арналған ойын жаттығулары жүргізілді.

Жоғары және орта буын оқушылар арасындағы діни экстримизмнің алдын алу бойынша түзету-дамыту, кеңес беру жұмыстары жүргізіліп, бейне роликтер көрсетіліп, діни экстремизм туралы жадынамалар таратылды.

III. Дамытушылық түзету бағыты (профилактика)

Интернет сайттары жайында түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, «Интернеттің пайдасы мен зияны» туралы 5 – 8 сынып оқушылары аралығында ролик көрсетілді. Ата-аналарға интернет сайттары бойынша түсіндірме жұмыстары, кеңес беру жұмыстары атқарылып, жадынама таратылды.


IV. Психологиялық-педагогикалық азартушылық бағыт

Ата-аналармен жұмыс аутоагрессияның алдын алу бойынша қазіргі таңдағы жасөспірімдердің психикасына әсер ететін жәйттар мен сайттар «Жасөспірімдік кезеңнің психологиялық ерекшеліктері» тақырыбы бойынша ролик көрсетіліп, ата – аналардың қажеттілігіне қарай жеке сұхбат жүргізілді.

Н А У Р Ы З

I. Диагностикалық бағыт

1-4 сынып оқушыларының ақыл-ойы, дамуы, қолдың ұсақ моторикаларының дамуы, мидың оң жақ және сол жақ жарты шарларының дамуына үлес қосу мақсатында «Екі қолмен» суретті жалғастыр нейро жаттығулары жүргізілді.



II. Консультациялық бағыт

Аутоагрессияның алдын алу бағыты бойынша «Еркін бала» тақырыбында тренинг сабақ өткізілді. Тренинг барысында оқушылар өз еркімен ой пікірлерін білдіріп, жаман әдеттен аулақ болу керектігін, қиналған сәтте өз ойын ашық ата – аналарына айта білуге дағдыланды.

Жоғары және орта буын оқушылар арасындағы аутоагрессияның алдын алу мақсатында «Сезімімнің ішкі әлемі» тақырыбы бойынша тренинг өткізілді. Әрбір тұлғаны жеке тұлға деп, оған сый құрмет көрсету әрбір адамзаттың парызы екендігі ұғындырылды.

Бітіруші сынып оқушыларымен жұмыс «ҰБТ –ға арналған мотивация» ролик көрсетілді. Әрбір оқушы өзінің аңсаған өзінің армандаған маман иесі болуы үшін не істеу керектігі туралы ақпарат берілді.

III. Дамытушылық түзету бағыты (профилактика)

Әлемде қаншама мамандық бар тек өзіне сай келген маман иесі бол. Атап айтқанда, оқушылардың мамандық таңдауына ықпал етер басты үш себепті анықтаған. Біріншісі – қоғамдық орта. Оған ата-ананың қалауы, әлеуметтік желінің әсері, блогердің насихаты, еңбекақы мен еңбек ету жағдайы, т.б.

Екінші себеп – оқушының қалауы. Яғни, оқушының өзі қалап түскен мамандығы. "Осы тұста ескерер бір жайт бар. Оқушының қалауы қоғамдық ортаның ықпалынан пайда болған қалау болуы да мүмкін". Үшінші себеп – оқушының қабілеті. Яғни, ата-ана баласын жастайынан қабілетін ұштап, кейін сол қабілетіне қарай мамандық таңдауы да аса маңызды.

IV. Психологиялық-педагогикалық азартушылық бағыт.

«Мамандыққа 7 қадам» тақырыбында 11 сынып оқушыларына баяндама жасалды. Мамандыққа дұрыс бағыт бағдар жолдары қарастырылды. Білім басты, бірақ қалау маңызды екендігі түсіндірілді.

СӘУІР

I. Диагностикалық бағыт

Жоғары және орта буын оқушыларының агрессия деңгейін анықтау мақсатында «Өз агрессияңды басқара аласың ба?» ерекше назарды талап ететін оқушылардан сауалнама алынды. Сауалнама барысында оқушылардың агрессиялары қалыпты деңгейде екендігі анықталды.

II. Консультациялық бағыт

Жоғары және орта буын оқушыларының агрессия деңгейін анықтау жұмыстары барысында алынған «Өз агрессияңды басқара аласың ба?» тақырыбындағы сауалнама қорытындысы бойынша оқушыларға агрессияны жеңу жолдары туралы ақпарат берілді. Бітіруші сынып оқушыларының қобалжуының алдын алу барысында «ҰБТ- бұл жәй ғана сынақ» тақырыбында видео ролик көрсетілді.

III. Дамытушылық түзету бағыты (профилактика)

ОЖСБ-ға мемлекеттік емтиханға дайындық жұмыстары барысында 4-9 сынып оқушыларымен сергіту жаттығулары, қобалжудың алдын алу, стрессті болдырмау жаттығулары жүргізілді.

Құқықбұзушылықтың алдын алу барысында сайттардың балаларға зияны туралы, сонымен бірге ұзақ ұялы байланыста телефонға тәуелділік неге әкеліп соғатындығын жасөспірімдерге түсіндіру мақсатында «Телефонға тәуелділік» бейне ролигі көрсетіліп, талдау жүргізілді.

IV. Психологиялық-педагогикалық ағартушылық бағыт

Бітіруші сынып оқушыларымен «ҰБТ –ға сенімділігіңді арттыру» тақырыбында кеңес беру жұмыстары жүргізілді.

Мектеп ұжымымен жұмыс: Миды жаттықтыру мақсатында логикалық тапсырмалар беріліп, графикалық суреттермен жұмыс жүргізілді. қызықты ойын жаттығулары жүргізіліп, «Менің алғашқы оқушым» ойын жаттығулары жүргізілді. Топтық жұмыстар жасалып, ең қиын оқушым тақырыбында постер қорғады.

М А М Ы Р

I. Диагностикалық бағыт

Бітіруші сыныптардың ҰБТ алдында қобалжу деңгейін анықтау үшін оқушылардан «Стресс» тесті алынып нәтижесі өңделді. Нәтижесі барысында оқушылардың психологиялық ахуалы қалыпты деп бағаланып, стресс деңгейі орташа деңгейде екендігі анықталды.

5 – 6 сынып оқушыларының қай бағытқа бейім екендігін анықтау мақсатында «Дарынды бала әдістемесі» алынды. 7 бағыт бойынша бағаланып, нәтижелері оқушылармен талданды.

II. Консультациялық бағыт

Бастауыш буын оқушылар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша «Әлімжеттікке тап болсаң өзіңді қалай ұстауың керек?» тақырыбында баяндама жасалды. Баяндама барысында оқушылар өздерінің сұрақтарына жауап ала білді.

Орта буын оқушылар арасындағы аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу бойынша «Ағаш» әдістемесі алынып, оқушылар өмірдегі қиындықтардың шешімі бар екендігін, әрбір берілген мәселе шешімсіз болмайтыны талданды.

III. Дамытушылық түзету бағыты (профилактика)

Бітіруші сыныптармен «ҰБТ-ға дайындалудың тиімді жолдары» тақырыбы бойынша кеңес беру жұмыстары жүргізіліп 8 басты кеңестер айтылды.

1. кеңес

Баланы еркін ойлауға тәрбиелеу

2. кеңес

Сұранысқа ие мамандықтарды білу

3. кеңес

Айналадағы мамандық иелерін ескеру

4. кеңес

Басқа қалаларда және шет елдерде оқу

5. кеңес

Мамандық таңдауға қатысты тесттер

6. кеңес

Сүйікті пәні мен мамандықты шатастырмау

7. кеңес.

ЖОО түсуге мәжбүрлемей

8. кеңес

Оқуды аяқтауды талап етпеу

IV. Психологиялық-педагогикалық азартушылық бағыт

«Отбасындағы әлеуметтік психологиялық ахуалды реттеу және нығайту жолдары» тақырыбында ата – аналар жиналысы жүргізіліп, бейне роликтер көрсетіліп талдау жүргізілді. Баланы бұзуға, түзеуге себеп болатын бір шарт – жас күнде көрген өнеге. Баланы отбасыға келер сәтінен бастап ата – ана тәрбиесімен айналысқаны абзал екендігі түсіндірілді.

Педагог- психологтар:

Н.Утепбаева

Ғ.Сейдуәлиева